

# ҚР ҰҚК Академиясына түсу шарттары

*(жоғары білім беру бағдарламасы – 4 жыл)*



## ТАЛАПТАР:

- ▶ Қазақстан Республикасы азаматтығы;
- ▶ 17 жасқа толу;
- ▶ орта білім *(10-11 сыныптар бойынша дәстүрлі бағалау шкаласы негізінде 4 балдан кем емес)*;
- ▶ «Арнаулы мемлекеттік органдар туралы» Заңның 7-бабының 2-тармағын зерделеу.

## АЛДЫН АЛА ЗЕРТТЕУ:

- ▶ тұрғылықты жері бойынша ҰҚК департаментіне өтініш білдіру;
- ▶ қажетті құжаттарды ұсыну;
- ▶ әңгімелеу және сауалнаманы толтыру.

## ОДАН ӘРІ ЗЕРТТЕУ:

- ▶ арнайы тексеру жүргізу;
- ▶ әскери-дәрігерлік комиссиядан өту;
- ▶ кәсіби-психологиялық қасиеттерді тестілеу;
- ▶ полиграфологиялық зерттеу;
- ▶ дене даярлығы бойынша нормативтерді тапсыру;
- ▶ ҰБТ нәтижелері *(50 балдан кем емес)*.

*Іліктеу аяқталғаннан  
кейін кандидат  
конкурсатн өту  
үшін ҚР ҰҚК  
Академиясына жіберіледі.*



8 7182 39 16 51  
8 7182 39 16 28





# ҚР ҰҚК Шекара Академиясына түсу шарттары ОҚУҒА КІМ ҚАБЫЛДАНАДЫ:



- орта немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, әскери қызмет өткермеген, оқуға түсетін жылы 17 жасқа толған, бірақ 21 жастан аспаған азаматтар;
- әскери қызмет не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар және оқуға түсетін жылы 24 жасқа толғанға дейін әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер;
- оқуға түсетін жылы 25 жасқа толғанға дейін келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер не арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеретін қызметкерлер.

## ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ:

- әскерге шақырылушылар мен запастағы әскери міндеттілер үшін – еркін нысандағы өтініш;
- әскери қызметшілер үшін – басшылықпен (ҰҚК органдары) келісілген еркін нысандағы баянат.

## Өтінішке (баянатқа) қоса берілетін құжаттар:

- қосымшасы бар жалпы орта білім туралы аттестаттың көшірмесі немесе техникалық және кәсіптік білім туралы не қосымшасы бар орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның көшірмесі;
- ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бітірмеген тұлғаларға берілетін анықтама (түпнұсқа);
- жеке куәлік (көшірмесі);
- туу туралы куәлік (көшірме);
- алты фотосурет (бас киімсіз, көлемі 4,5 x 6 см);
- Өмірбаян және сауалнама (түпнұсқа).

Түпкілікті кәсіби іріктеуге қатысу үшін келгеннен кейін кандидат салыстыру жүргізу үшін шекаралық Академияның қабылдау комиссиясына мынадай құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады:

- ҰБТ нәтижелері бойынша сертификат;
- жеке куәлік;
- орта білім туралы аттестат немесе оқу орнын бітіргені туралы диплом;
- әскери билет – әскери қызметшілер (әскери міндеттілер) үшін, тіркеу куәлігі – әскерге шақырылушылар үшін;
- зерделеу өткен Шекара қызметі бөлімшесінен немесе ҰҚК органынан нұсқама.

**Кәсіби іріктеу, медициналық комиссия немесе емтихан тапсыру нәтижелері бойынша түспеген кандидаттар іссапарға:**

- әскери қызметшілер - бұрынғы қызмет орындарына;
- азаматтық жастар-тұрғылықты жерлеріне жіберіледі.

## ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК:

- тұрғылықты жері немесе қызмет орны бойынша ҰҚК органдарына.

## ҰБТ-ДА ҚАНДАЙ ПӘНДЕРДІ ТАҢДАУ КЕРЕК:

- ҰҚК шекара академиясына түсу үшін кандидат жалпы білім беретін оқу бағдарламасының көз келген екі пәнін таңдайды

## ОҚУҒА ТҮСУ ҮШІН ҰБТ ҚАНША БАЛЛ ҚАЖЕТ:

- конкурсқа қатысу үшін кемінде 50 балл (бірақ әрбір пән бойынша кемінде 5 балл) жинау қажет.

## КАНДИДАТТАРДЫ ТҮПКІЛІКТІ КӘСІБИ ІРІКТЕУ МЫНАЛАРДЫ ҚАМТИДЫ:

- медициналық куәландыру;
- кәсіби жарамдылығын тексеру;
- дене дайындығын тексеру.

*Оқуға түсу емтихандары кезеңінде оқуға үміткерлер қазармалық жағдайда болады.*

*Барлық кандидаттар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің белгіленген нормалары бойынша тегін тұрумен және тамақпен қамтамасыз өтіледі.*

ҚР ҰҚК Шекара академиясына оқуға түскен адамдар оқу мерзіміне және бір мезгілде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарында жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін күнтізбелік есептеумен 10 жылға әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасасады.

*Қабылдау мандаттық комиссияның шешімі бойынша ҰБТ балдары мен медициналық, дене бітімі және психофизиологиялық көрсеткіштері бойынша деректерді ескере отырып конкурстық негізде жүргізіледі.*



**8 7182 39 16 24**  
**8 7182 39 17 62**